

**Астана қаласы әкімдігінің «І. Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны**

ХАТТАМА № 3

13 қыркүйек 2024 жыл.

Өту уақыты: 15:00

Төрайым: Ж.Ж. Каденова

Хатшы: Е.А. Тасмағанбетов

Конкурстық комиссиясының отырысына қатысқандар: 5

Қалыс қалғандар: 2

Өткізілетін орын: мектеп мұражайы

Комиссия төрайымы

Жансулу Каденова - директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Алтынгүль Оноп - директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

Айжан Өнер - директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

Касымканова Салтанат - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Арнай және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы;

Кабар Гарифолла - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

Сапарай Ердеханова – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

Жулдыз Тойбекова - қамқоршылық кеңесінің төрайымы;

Комиссия хатшысы

– Ернар Тасмағанбетов

**ПЕДАГОГТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУҒА МЕКТЕПШІЛІК ҚҰРЫЛҒАН
КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024 жылғы 04-12 қыркүйек аралығында жарияланған бос орындарға педагогтерді лауазымдарға тағайындау бойынша конкурстық комиссияның қорытынды отырысын өткізу:

1.1. Денешынықтыру пәні мұғалімі, 1 бірлік, 16 сағ.

1.2. Химия пәні мұғалімі, 1 бірлік, 16 сағ.

1.3. Физика пәні мұғалімі, 2 бірлік, 16 сағ. (негізгі пән мұғалімнің бала күтіміне берілетін демалыста болуына байланысты уақытша қабылданады);

1.4. Информатика пәні мұғалімі, 1 бірлік, 16 сағ. (негізгі пән мұғалімнің бала күтіміне берілетін демалыста болуына байланысты уақытша қабылданады);

2. Бос орындар бойынша педагогтерді лауазымдарға тағайындауға конкурс нәтижесі бойынша қорытынды шығару.

Комиссия төрайымы: Ж.Ж. Каденова:

- Комиссия мүшелері және конкурсқа қатысуға өтініш берген педагогтер!
- Педагогтерді жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы негізінде жүргізілетінін және осы бұйрықты басшылыққа алып 2024-2025 оқу жылына педагогтерді жұмысқа қабылдауға мектепшілік комиссия құрылды (бұйрық №280 н/қ. 01.08.2024 ж.). Сіздермен комиссия мүшелерін таныстырып өтсем: А. Өнер – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары; С. Касымканова - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» Арнай және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы; С.С. Ердеханова – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары; Ж.М. Тойбекова - қамқоршылық кеңесінің төрайымы; Онор Алтынгуль – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары; Г. Кабар - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

Тындалды: іс жүргізуші: Е.Тасмағанбетов:

– Астана қаласы әкімдігінің «І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК 2024 жылғы 04-12 қыркүйек аралығында педагогтерді жоғарыда аталған бос лауазымдарға орналастыруға вакансия жариялады.

Жарияланым «*Enbek.kz*» порталында, мектеп сайтында орналастырылды.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы, 3-тараудың 111 т. «Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтер анықталған жағдайда, педагог конкурстың кез келген кезеңінде шеттетіледі» делінген. Осы мақсатта конкурсқа қатысуға өтініш берушілердің жеке деректерін тексеруге құзырлы органдарға сұраныс жіберілді және барлығы да оң теріс нәтижелер болған жоқ.

Конкурстық комиссия отырысы барысында 1,2,3,4 қосымшаларға сәйкес конкурстық комиссия мүшелері конкурсанттармен сұрақ алмасу жүргізілді.

- Конкурстық комиссия үміткерлердің құжаттарымен толық танысып, әңгімелесу барысында үміткерлердің білімін ескере отырып, жинаған ұпайларының басымдығымен, біліктілік талаптары бойынша химия пәні мұғалімі бос лауазымына Н.Қ. Қойшыбаева, денешынықтыру пәні мұғалімі бос лауазымына Ш. Долькей толық сай келеді деп шешті. Комиссия мүшелері дауыс берсек, қарсы дауыс берушілер жоқ.

ПЕДАГОГТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ:

1. Педагогтерді жұмысқа қабылдау комиссиясы шешімі бойынша:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының 114, 115 тармақтары негізінде

- Химия пәні мұғаліміне: Қойшыбаева Нұрдина Қойшыбайқызы;

- Денешынықтыру пәні бойынша: Долькей Шарилан конкурстан конкурстан өтті деп есептелініп білім беру ұйымының басшысына бос лауазымға тағайындауға ұсынылды.

Төрайым
Хатшы

Қатысушылар:

Комиссия мүшелері:

А. Өнер [Signature]
А. Оноп [Signature]
С.С. Ердеханова [Signature]
Г. Кабар [Signature]
Е.А. Касымканова [Signature]
Ж.М. Тойбекова [Signature]

[Signature]
① -

Ж. Каденова
Е. Тасмаганбетов